



Сақтар


Сақтардың тарихы, мекендеген орны

Мұғалімі: Отарбай Айдана



Үй тапсырмасын сұрау:

- Солтүстік Қазақстан ұғымына бүгінгі қай облыстар жатады
- Солтүстік Қазақстан мен Орталық Қ. Темір дәуірі мәдениетіндегі ұқсастық
- Ұлыбай — Тасмола мәдениеті




Жаңа сабақты баяндау.

Жоспар:

*Сақ туралы алғашқы
мәліметтер.*

*Сақ тайпаларының
қоныстануы.*

Сақ шығу тарихы



САҚТАР







Сақтар б.з.б. бірінші мыңжылдықта Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекендеген.




	Сақ топтарының аты	Мекендеген жері
1	Теңіздің арғы жағындағы сақтар парадарайа	Қара теңіздің Солтүстігі, Арал теңізінің маңында сырдариямен Әмударияның төменгі ағысы
2	Шошақ бөрік киетін сақтар тиграхауда	Сырдарияның орта ағысы, Тянь-Шань Жетісу
3	Хаома сусының дайындайтын сақтар хаумаварга	Мургаб аңғарында өмір сүрген



Сақтардың әлеуметтік топтары


- Жауынгерлер
- Абыздар
- Малшылар мен егіншілер



Археологиялық ескерткіштер



- «Алтын адам» 1970ж басында Есік қорғанында - сақтар тайпасының жас көсемі табылды.
- 1969-1970ж археолог К.А. Ақышев тапқан



Шығыс Қазақстан

Алтай аясынан, Шыңғыстау мен Тарбағатай бөктерлерінен кездеседі. Үлкен патша обалары бар. Ол Шілікті алқабында шоғырланған. Бұл өңірдің мәдениеті үш кезеңнен тұрады. Мәйемір кезеңі (б.з.д. 7-6 ғғ.), берел кезеңі (б.з.д. 5-4 ғғ.), құлажүргін кезеңі (б.з.д. 3-1 ғғ.). Мәйемір кезеңінің соңында салт кісіні атымен бірге қоятын қабырлар пайда болады.

Орталық Қазақстан

Бұл жерден Тасмола мәдениеті (б.з.д. 7-3 ғғ.) ашылды. Зерттеуді археологтар Ә. Марғұлан, М. Қадырбаев жүргізді.



Бұл обалардың ерекшелігі — оларда тас жалы, «мұрты» болады. Бірнеше варианттардан тұрады. Негізгі обаға жанаса немесе оның шығыс бетінде, иек астында кіші оба тұрады, одан шығысқа қарай доғаша иіліп, ені 1,5-2 м, ал ұзындығы 2-200 м дейін кейде одан ұзыныда болады, екі жал кетеді. Үлкен обаға үйілген төбе астында жерден қазылған қабырда өлген кісінің мәйіті жатады, ал кіші қорғанда үйінді астындағы қабырға ат пен ағаш ыдыс-аяқтар қойылады.

Арал өңірі

Арал өңірі сақалар мәдениеті Тегіскен, Ұйғарақ, Оңтүстік Тегіскен қорымдары.

Батыс Қазақстан

Еділ мен Жайық арасындағы аймақтан қорымдардың көп шоғырланған жері — Үлкен және Кіші өзектің бойлары, Қамыс-Самар көлдерінің өңірлері, Елек, Шаған, Ембі жағалаулары. Обалардың көбінде үйінділері бар, ал олардың аса үлкендері орлармен қоршалған. Тас үйінділері немесе топырақпен уақ тастар араластырылған үйінділері бар обалар сирек кездеседі. Қабырлар шығыстан батысқа қарай ыңғайлай қазылады, ал өлгендер молаларда емес, обалар үйінділері



Кәсіпшілігі



Сақ тайпалары арасында металл өндіру және оны өңдеу, әсіресе қола құюға байланысты кәсіпшіліктері дамыған. Б.э.д. 1 ыңжылдықта Қазақстан және Орта Азияны мекендеген сақ тайпалары темірден заттар жасауды меңгерді.






Сақ зергерлері қоладан қанжарлар, оқ жебелері мен сүңгі ұштарын, аттың қайыс әбзелдерін, әшекейлер мен айна, мандарин мен құрбандық ыдыстарын жасаған



Мәдениеті наным - сенімдері

Сақтар аң стилін Алдыңғы Азия мен Иранға жорық жасаған кезінде қабылдаған. Бұл өнер б.д, д. 7-6 ғасырда қалыптасқан. Аң стилі дегеніміз түрлі жануарлардың бейнелерін ыдыс-аяққа, киімге, тұрмыс заттарына, түрлі әшекейлерге, қару-жараққа салған. Сақтар күнге, найзағайға, жел-дауылға табынған. Сақтар мифологиясында сәйгүлік ат күнмен, отпен байланысты болған. Дүниені жаратқан көк тәңірісі Митра, жердікі Варуна, жер астыныкі Индира секілді құдайлар болған.

Сазтардың әлем құрылымы жағынан үш түсінігі бар. Олар: аспан әлемі, жер әлемі және жер астында әлем бар деп сенген. Сақтардың түсінігінде әлемнің төрт бұрышы оң, сол, артқы және алдыңғы жағы болған.



Скиф — сақтар Шығыс Еуропа , Батыс және Орталық Азия кеңістігінде тараған, жарқын мәдениетті туғызды. Сонымен қатар сақтар заманында әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қоса білген жауынгер де, батыр халық болған. Гректер сақтарды аса жоғары құрметтеп, оларды әлемдегі ең әділ, ең шыншыл халық деп есептеген.

